

Кешегі Ұлы Отан соғысында батырлығы әлемге әйгілі болған Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүк қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш мұғалима Хусни Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова, инженер әйелдері өнеркәсіп академиясын бітірген Мадина Берғалиева инженер - гидротехник әйел, профессор Әмилә Арықова, әйелдер арасынан шыққан биология ғылымының докторы Нәйлә Оразғұлқызы Базанова, әдебиет өнер саласында КСРО Мемлекеттік сыйлығы иегері Күләш Байсейітова, биші Шара Жиенқұлова, журналист Нәзира Құлжанова, тұңғыш дәрігер әйел Санк - Петербург әйелдер мединститутын 1908 жылы бітірген Гүлсім Жағыпарқызы, Мәриям Сейітжағыпарқызы Аспандияровалар. Қазақстан халық жазушысы - ақын, ғалым докторы Турсынхан Әбдірахманова, КСРО суретшілер мүшесі болған қазақ әйелдері арасынан Айша Ғалымбаева, Халықаралық Д.Ж.Неру атындағы сыйлық иегері ақын Фариза Оңғарсынова, қазақ қыздары ішінен Ұлыбританиядағы халықаралық өмірбаян орталығына тіркеліп, «Жыл адамы» құрметті атағын алған жас ғалым Шарипа Бисариева «әлемнің әйгілі әйелдері» мен Роза Бағланова, жез таңдай әнші Роза Рымбаева, белгілі қоғам қайраткері Алаш партиясының басшысы Әлихан Бөкейхановтың қызы Садуақасова Елизавета Москва мемлекеттік медицина факультетін бітірген медицина ғылымының докторы, професор, Торабаева Гүлбарам Иманбекқызы Орта Азия мемлекеттік университетінің факультетін 1931 жылы бітірген медицина ғылымының әйелдер арасынан шыққан тұңғыш докторлардың бірі. [5, 8 б.]

Байқағанымыздай, көшпелі дәуірден келе жатқан ұлтқа тән ұлылық кейінгі дәуірге дейін қоғамдық аналар бейнесін қалыптастырып тұлғалық дамуға ықпал еткен.

Қорытындылай келе, тарихта талай даңқты әйелдер өшпес із қалдырғаны, адамзат дамуына өзіндік үлес қосқаны аян. Бүгінде халықтың азаттық жолындағы күресін бастаған, ел билеген ұлы адамдарға серік әрі ақылшы болған, мансап биігіне көтерілген, тарих ағымын күрт өзгерткен әйел есімдері көп екені ешкімге құпия емес. Солардың арасында өз уақытынан озған арулар, біз мақтан тұтатын және жас ұрпақ еліктеуге тұрарлық нәзік жандылар жетерлік.

Қазақ халқы дербес мемлекеттігін құрып, өз атымен тарих сахнасына шыққалы бері қастерлеп келе жатқан қасиетті әйелдер өте көп. Ертеде өмір сүрген Айша бибі, Баян сұлу, Қыз Жібек, Домалақ ана, Құртқа тағы басқа сондай арулардың есімі бізге ауыз әдебиеті, аңыз - дастан, мазар - ескерткіштер арқылы жетті.

Қоғамдық құрылыс ауысқанда жаңа өкіметтің халық мүддесіне қызмет етуіне ат салысқан қыздар, сондай - ақ, екінші дүниежүзілік соғыста Әлия мен Мәншүк сынды майдан даласында ерлік көрсеткен аяулы қазақ арулары қаншама! Бейбіт еңбекте, әдебиетте, өнер мен мәдениеттің бар саласында халық құрметіне бөленген қыз - келіншектер қатары да жетіп артылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: аңыз аналар мен ару қыздар ; [құраст. Ә. Көпіш] .- Алматы : Өнер , 2016.
2. Тұлғалар туралы толғаныс : драмалық, әдеби-публицистикалық, тарихи-танымдық шығармалар / Серікбайұлы, Шайхислам ; ред. алқасы: Р. Бердібаев [ж. б.]; жауапты ред. Б. Кәрібозұлы... - Астана : Фолиант, 2009. - 358 б
3. Әміржанұлы, А. Бопай ханым қай жылы туған? / А. Әміржанұлы // Атырау. - 2018. - 8 наурыз (№ 20-21). - 8 б.
4. Даланың дана арулары / А. Тойбай ; [суретші Ә. Бақтыгерей]... - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2019. - 318 б.
5. Әлемнің құдірет күші - Аналар/ М. Зүкенов ... - Өскемен : Шығыс ақпарат, 2012. - 151 б

БАЛАСАҒҰН АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

Қанат М.Д.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, тарих магистрі Адильбаев А.М
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
miras.25.01.04kz@gmail.com
Қарағанды қ.

Баласағұн қаласы - ортағасырлық түркі халықтарының ең ірі және маңызды мәдени-тарихи орталықтарының бірі болып саналады [1, 256]. Қала өзінің мыңжылдықтар бойындағы даму барысында сан қилы тарихи кезеңдер мен саяси өзгерістерді бастан өткерді. Ол көптеген шапқыншылықтар мен

жаулаушылық әрекеттерге куә болып, әртүрлі қағанаттар мен мемлекеттердің саяси астанасы қызметін атқарды. Бұл орталық тек саяси рөлмен шектелмей, мәдени, рухани және экономикалық өмірінің әр саласында да ерекше дамыған [1, 266]. Қала іргесі түркі дәуірінде қаланғанымен, оның мәдени жаңғыруы, архитектуралық дамуы, қалалық инфрақұрылымы мен әлеуметтік өмірі әсіресе Қарахан мемлекеті дәуірінде жоғары деңгейге жеткен. Сол кезеңде Баласағұн Түргештердің, Қарлұқтардың, Қарахандықтардың және кейін Қарақытайлардың саяси орталығы ретінде қалыптасып, рухани және мәдени дамуын айтарлықтай арттырды [2, 646]. Қала тұрғындарының әлеуметтік өмірі, сауда-саттық, қолөнер, білім беру мен діни өмір қаланың мәдени өркениетінің айқын көрінісі болды. Сонымен қатар, Баласағұн Оңтүстік өңірдегі ірі қалалардың қатарында өзінің орны бар орталыққа айналып, «Жібек жолы» атты әлемдік сауда трассасының маңызды тоғысу нүктесі ретінде экономикалық маңызын арттырды [3, 1496; 2996]. Қаланың мәдени және экономикалық өрлеуі әр кезеңде үстемдік еткен мемлекеттің саяси және экономикалық жағдайымен тығыз байланысты болды. Ортағасырлық қағанаттар өздерінің аумағындағы қалалардың дамуына ерекше мән беріп, саяси-экономикалық өрлеу арқылы қалалардың әлеуметтік құрылымын нығайтты, мәдени және ғылыми өмірін арттырды [2, 646]. Солардың нәтижесінде Тараз, Баласағұн, Меркі, Құлан сияқты қалалар ерекше дамып, олардың әрқайсысы өз кезеңінде маңызды мәдени, сауда және саяси орталыққа айналды. Баласағұн қаласының өркениеттік деңгейі ерекше болып, қала тек саяси астана ғана емес, рухани және мәдени орталық ретінде де айқын көрінді [1, 401-4036]. Мұнда ғылым, әдебиет, философия және діни өмір дамыған, қаланың ішінде медреселер, мешіттер, шеберханалар, базарлар мен түрлі қоғамдық орындар салынып, қалалық өмірдің барлық салалары кең өріс алған. Бұл қаланың дамуы тек жергілікті халық үшін ғана емес, бүкіл түркі және шығыс халықтарының мәдени өміріне елеулі ықпал еткен. Қала өзінің тарихи кезеңдерінде әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өмірдің барлық аспектілерінде қалыптасқан үлгі ретінде ұзақ ғасырлар бойы ескерткіш ретінде сақталып, тарихшылар мен зерттеушілердің назарында болған [3, 149-2996].

Аталған қаланың орны мен атауы жөнінде ғалымдар арасында әртүрлі пікірталастар болған. Кейбір зерттеушілер Баласағұн қаласының орнын Қырғызстандағы Борана қаласымен сәйкестендірсе, басқалары бұл нүктені тарихи Баласағұнмен байланыстыру мүмкін емес деп есептейді. Қазақ ғалымдары қазіргі Шу ауданындағы Ақтөбе ауылы маңындағы көне қалашықты Баласағұн қаласы деп дәлелдеуде. Бұл қалашықты 30 жылдан астам археологиялық қазба жұмыстарымен зерттеген У.Шалекенов нақты материалдық деректер негізінде оның Баласағұн екендігін анықтады. Қалашық ерте ортағасырлық кезеңдерден бастап шығыс және батыс деректерінде кеңінен аталып келген. Баласағұн қаласы өзінің әлемдік атағын ортағасырлық тарихшылардың еңбектерінде де көрсеткен. Қала әсіресе Қарахандар кезеңінде гүлденудің биік шегіне жетіп, мәдени және саяси тұрғыда әлеуметтік дамуға ие болып, мемлекеттің тарихи астанасы мәртебесіне көтерілді. Алғашқы деректердің бірі қытай саяхатшысы Цзя Данының «Төрт бағыттағы жол туралы естеліктері» атты жазбасында сақталған. Онда: «Тау аңғарын жағалап біраз жүргенде Суйаб өзені жазыққа шығар аузына жетеді, осы арадан 80 ли жерде Пэйлоцзянцзюнь (Баласағұн) қаласы бар» деп сипатталады. Бұл мәтінде «Пэйло» сөзі «Бала» сөзінің қытай тіліндегі дыбыстық аудармасы болса, «Сағұн» - мансап атауы, яғни қолбасшы лауазымын білдіреді [1, 456].

Баласағұнның тарихи шығу тегі тек саяси билікке ғана емес, сонымен қатар этникалық және мәдени құрамына да байланысты. Қалада Түргеш, Қарлұқ, Қарахандық және кейіннен Қарақытайлар дәуірінде әртүрлі түркі тайпаларының мәдени ықпалы байқалды. Бұл этникалық әртүрлілік қаланың мәдени және рухани дамуына әсер етіп, көркем қолөнер, әдебиет, ғылым және діни өмірдің өрлеуіне жағдай жасады.

Сонымен қатар, Баласағұн қаласы шығу тегі жағынан шығыс деректерінде алғаш рет Цзя Данының «Төрт бағыттағы жол туралы естеліктерінде» аталған. Онда «Пэйлоцзянцзюнь» қаласы деп көрсетілген атау «Бала» + «Сағұн» құрамынан тұрады. Мұндағы «Бала» сөзі қала атауын білдірсе, «Сағұн» - мансап аты, яғни қолбасшы лауазымын меңзейді. Бұл дерек қаланың ерте ортағасырлық дәуірден бастап түркі халықтарының саяси және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Сағұн сөзін цзянцзюнь сөзінің дыбыстық аудармасы делінеді (аудармашыдан). Дәл осы жазбаға түскен уақытта Баласағұнның нағыз гүлденіп тұрған кезі болатын. Ал бұдан да көне деректі ортағасырлық ғалым М. Қашқари береді. Ол өзінің «Түркі сөздігі» атты еңбегінде Баласағұн жайлы кең хикаятты жазып қалдырады. Аталған кітабында Түріктердің Шу хақаны жайлы айта отырып былай дейді: «Зұлқарнайын Самарқандтан асып, түрк қалаларына қарай беттеген кезде, түріктердің Шу есімді бір жас хақаны болған екен. Ол үлкен қосынның иесі болған. Баласағұн жанындағы Шу қаласын Шу хақан басып алған да өзі салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс бес рет дабыл қағылып тұрған...». Осы дерекке қарап отырсақ атақты Баласағұн қаласы

б.д.д 300-ші жылдары болғанын аңғару қиын емес екенін көреміз. Әрине, мүмкін Қашқари жаңылыс кетуі де мүмкін, болмаса тариқта екі Баласағұн болған ба деген де ой келеді.

Шыңғысхан дәуірі кезінде Баласағұн қаласы өз деңгейінде дамып, гүлденіп тұрғаны тарихи деректерде айқын көрініс тапқан [1, 886]. Шыңғысханның бас бітікшісі және жұлдызнамашысы, ұлты қидан, қара көк хан тұқымынан шыққан Елюй Чупайдың Шыңғысханмен бірге Орта Азияға жасаған жорыққа қатысып, көрген-білгендерін жазған «Батысқа саяхат естелігі» атты дерекнамасында: «Одан (Алмалық қаласынан) батысқа қарай жүргенде Иле деген үлкен дария бар. Дарияның батыс жағында Хусыволудо (Баласағұн) деп аталатын қала бар. Бұл қала бұрын батыс Ляо мемлекетінің астанасы болатын. Қаланың айналасында неше ондаған қалалар мен кенттер орналасқан. Одан батысқа қарай жүргенде неше жүз ли жерде Тараз қаласы бар» деп көрсеткен, мұнда Хусыволудо атауы сол дәуірдегі қаланың атауының өзгергенін білдіріп, Құз орда деген атаудың қытайша нұсқасы екені түсіндіріледі [2, 646]. Махмут Қашқари өзінің әйгілі еңбегінде: «Ұлуш - қала, қыстақ (Шігілше). Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шахарларында тұратын халықтар тілінде «ұлұш» сөзін «шаһар» дейді. Содан барып Баласағұн шаһарын «Құз ұлуш» деп атаған. Ордұ - Баласағұнға жақын қала. Баласағұнды да «Құз ордұ - Құз орда» дейді» деп қаланың екінші атауы болғанын, сондай-ақ өз заманында Баласағұнды Құз орда деп атағанын дәлелдеген [3, 149-2996]. Себебі қала сол кезеңде гүлденіп, Қарахандықтардың ұлы ордасына айналып тұрғандықтан, халық оны Құз орда деп атаған. Алайда, шамамен жүз жылдан кейін қала Моңғолдардың шапқыншылығынан күйреп, қирағаны белгілі, бұл туралы 1263 жылы Мөңкенің жарлығы бойынша Қарақорымнан Батыс Азияға аттанған Лю Юй, Чан Дэ атты елшілердің «Батысқа елшілік сапардан естеліктер» еңбегінде: «Ақпанның 24 жұлдызында екі таудың ортасынан өткеннен кейін, кең жазықтың шетіне іліндік, мұнда халық өте тығыз қоныстанған көрінеді, біз сапар үстінде бұл маңнан егістік жерлерді, айқыш-ұйқыш қазылған арықтар мен тоғандарды, күл-толқаны шығып күйреп жатқан ескі қалалардың қирандысын жиі кездестіре бастадық. Ондағы жергілікті тұрғындардан кей жайларды сұрастырғанымызда, олар бұл жер бұрынғы қидандардың ескі жұрты екендігін айтты» деп жазылған [1, 401-4036]. Мұнда Қидандардың ескі жұрты деп айтылып отырғаны, Баласағұнның Қарақытайлардың астанасы болған тарихи шындығына сәйкес келеді. Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» еңбегінде Баласағұнды Афрасиаб салған қалалардың бірі ретінде атап, оның Қарақытай кезеңінде астана болып, барлық шығыс және батыс өлкелерден салық жинағанын көрсетеді [1, 402-4036]. Баласағұн қаласының атауының шығу тарихына келсек, оны 30 жылдан аса зерттеген У. Шалекенов өзінің «Қазақ мәдениеті» атты еңбегінде: «Қашқари еңбегінен Баласағұн қаласының этимологиясын анықтадық: «Сағұн» - Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптерін Ата сағұн дейді. Қаланың аты екі сөзден құралған. «Бала» деген түрік сөзі баршаға мәлім болса, «сағұн» - хақан, хан, князь. Олай болса, Бала + хақан; бала + князь; бала + хан болып, Баласағұн деген ұғымды құрайды, яғни жас түркеш немесе Қарлұқ хақанының қаласы деген сөз» деп түсіндіреді [3, 1496]. Ал С.М. Сыздықов өзінің «Қарлық - Қарахан мемлекеті» монографиясында: «Қала атының әуелгі екі түбірі «бола» және «сағұн». «Боло» немесе «було» - тайпа аты, ал «соғұн», «сағұн» - қарлұқ тайпасының көсемі атағын білдіреді. Қытай Хань жылнамаларында түркілер ғұндардың «со» (Сорхы) аталатын атақты тайпасының ұрпағы ретінде көрсетіледі, сондықтан бұл лауазымның өзі «со» және «ғұн» түбірінен құралған деуге негіз бар. Барлық түбірді қосқанда: «Бол-со-ғұн» құрылымы, генеологиялық тәртіппен орналастырсақ: «ғұн-со-боло» болып шығады. «Со» түбіріне сәйкес көне сары ұйғырлардың, хақалардың және қазақтың Арғын құрамындағы этнонимдер сәйкес келеді. Сондықтан Баласағұнды қарлықтардың басты бір моуло, яғни болат тайпасының көсемі тұратын ордасы деп ұғыну қажет» деп тұжырымдайды [2, 64-656]. Осылайша, Баласағұн қаласы ортағасырлық кезеңде үлкен мәдени иеліктің орталығы болып, саяси, экономикалық және рухани тұрғыдан айқын рөл атқарғаны тарихи деректермен дәлелденеді [4, 149-2996]

Археологиялық зерттеулер (У.Шалекенов, т.б.) дәлелдегендей, қазіргі Шу ауданының Ақтөбе ауылы маңындағы қалашық Баласағұн қаласының ежелгі қалдықтары болып табылады. Археологиялық табылған заттар мен құрылыс элементтері қаланың түркі дәуіріндегі саяси, экономикалық және мәдени орталық ретінде қалыптасуын растайды.

Ал менің зерттеп зерделеп жүргенім бойынша да негізі осы ұғымдарға біршама жақындай түседі. Қала атауы екі негізден тұратыны айқын. Бұл атауды «Балауса және ғұн» деп алсақ та болады. «Балауса» сөзі көне түріктің осы күнге дейін мағынасын жоғалтпай сақтап келе жатқан ежелгі сөзі екені айтпаса да түсінікті. Ол жас дегенді білдіреді, ал ғұн Орта Азиядағы ежелгі ұлы тайпалардың бірі екені белгілі. Сонда «Жас ғұн, яғни, жас немесе балауса ханзада» дегенді білдіреді. Қалай болғанда да бұл қаланы ғұндардың жас патшасы салдырғаны немесе билегені осы атаудан-ақ байқалады. М.Қашқаридың «Түркі сөздігі» атты еңбегінде б.д.д. 300 жылдары өмір сүрген Түркінің жас ханзадасы Шу хақан туралы аңыз бар. Онда ол Александр Македонский мен соғысып, Шу өзені бойынан Шу қаласын салдырып билегені айтылады. Мүмкін осы аталған жас хақан Баласағұнды да салдырған

болар?! Кім біледі, бәрі де мүмкін ғой. Ал енді қаланың орналасқан орнына келсек. Тағы да көне деректерге жүгінейік. М.Қашқари өз кітабында: «арғу - екі таудың арасы. Тараз(Талас) бен Баласағұн арасындағы шахарларды «Арғу» дейді. Өйткені, ол жерлер екі тау арасында жатыр» дейді. Енді осы айтылған жерлерді анықтап көрейік. Баласағұн қаласының оңтүстік жағында Қырғыз Алатауы орналасқан, одан Шу өзеніне барып құятын Шарғау, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ атты өзендер шығады. Осы өзендердің Шуға құятын төменгі ағысындағы жері тегіс, құнарлы, суы мол және ауасы таза алқабында Баласағұн қаласы орналасқан. Ал, солтүстік-шығысын Жайсан тауы қоршап жатыр. Осы айтып отырған жерімізді тағы бір қытайлық дерек нақтылай түседі. Мақаламыздың бас жағында айтып кеткен, 1263 жылы жазылып болған дейтін, Мөңкенің жарлығы бойынша Қарақорымнан аттанып хан інісі Құлағу ханға кездесіп қайту үшін Батыс Азияға аттанған Лю Юй, Чан Дэ атты елшілердің «Батысқа елшілік сапардан естеліктер» атты еңбегінде: «Ақпанның 24 жұлдызында екі таудың ортасынан өткеннен кейін, кең жазықтың шетіне іліндік, мұнда халық өте тығыз қоныстанған көрінеді, біз сапар үстінде бұл маңнан егістік жерлерді, айқыш-ұйқыш қазылған арықтар мен тоғандарды, күлталқаны шығып күйреп жатқан ескі қалалардың қирандысын жиі кездестіре бастадық. Ондағы жергілікті тұрғындардан кей жайларды сұрастырғанымызда, олар бұл жер бұрынғы қидандардың ескі жұрты екендігін айтты» деп жазылған. Осындағы екі тау арасындағы кең жазықтық, егістік жерлер, қазылған арықтар мен тоғандарды саралай келіп, деректерге көз жүгіртсек қазіргі Баласағұн қаласының орнына сай келетінін анық көруге болады. Бұл қала өз дәуірінде Түркі халқының ең ірі тарихи-мәдени орталығы болғаны осындай жазбалардан-ақ көрінеді. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде: «Моғолстандағы бірсыпыра қалалардың аттары беделді кітаптарда жазылған және ол қалалар турасында көптеген түсініктер берген. Солардың бірі - «Баласағұн» деп ашып жазады [1, 300б]. Ал Уахит Шалекеновтың «Қазақ өркениеті» кітабында: «Махмуд ибн Уали (1595) Иранның ортағасырлық белгілі мемлекет қайраткері, географ ғалымы Хамдаллаһ Мустауфи Казвиниге (1281-1349) сүйене отырып, Баласағұнда жұма намазын оқитын 40 мешіт, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіт, 20 ханака және 10 медресе болған» деген деректерді алға тартады. Осыған қарап-ақ Баласағұнның ортағасырда қандай ірі қала болғанын аңғару қиын емес.

Халықаралық зерттеулерге сәйкес, қаланың атауы бастапқыда «Boyla Sangun» деп аталып, кейін «Balasagun» болып өзгерген. Археологиялық деректер қаланың Түргеш, Қарлұқ, Қарахандық дәуірлерінен қалған қалдықтарын растайды. Баласағұн «Жібек жолы» бойындағы маңызды сауда торабы болғандықтан экономикалық тұрғыдан да дамыған, әр дәуірде әртүрлі тайпалар мен этностардың мәдени ықпалы байқалған. IX-X ғасырларда қаланың қайта құрылуы және іргетасының қалануы Түргеш кезеңіне тән, X-XI ғасырларда Қараханидтер дәуірінде саяси және мәдени орталық ретінде өркендеді. XI-XIII ғасырларда қала мультиэтникалық және мультидінді орталыққа айналды. 1218 жылы Моңғол шапқыншылығынан кейін қаланың саяси маңызы төмендеді, XIV-XV ғасырларда қаладан тек мұнара, зират белгілері мен кейбір құрылыстар қалды. Халықаралық зерттеулер (en.wikipedia.org, belleten.gov.tr, dergipark.org.tr, ru.unesco.org, silkadv.com) қаланың шығу тегін, сәулеті мен мәдени рөлін нақтылай түседі және Баласағұнды ортағасырлық түркі-ислам мәдениетінің маңызды орталығы ретінде қарастырады.

Көріп отырғанымыздай елімізде сонау ортағасырларда көптеген ірі қалалардың болғанын аңғарамыз. Әлемдік мәдениетте ойып орын алған Баласағұн қаласы да біздің халқымыздың қала мәдениетін қалыптастырған ел екенін дәлелдейді. Кеңес кезеңіндегі көптеген ғалымдардың қазақ елін «көшпенді, қаласы жоқ, жабайы мәдениет» деп бағалаған сөздеріне бұл үлкен соққы болып тигені анық. Тіптен қазіргі таңда Еуропаның көптеген ғалымдары өздерінің өркениет жайған мәдениетінде көшпенді Түркі халқының мәдениеті бар екенін мойындауда. Қала мәдениеті де, дала мәдениеті де біздің дархан даламызда өркендеп қанат жайғаны ғылыми зерттеулердің арқасында дәлелденді. Біз - ұлы халықпыз. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Біз - бабаларымыздың осындай ұлы істері мен әлемдік аренада тарихи-мәдени бет бейнесі мен шексіз дамытқан өркениетін әрқашан мақтанып айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхаммед Хайдар Дулати. *Тарихи и Рашиди*. Мұхаммед Хайдар Дулати қоғамдық қоры «Тұран» баспасы, Алматы, 2003.
2. С.М. Сыздықов. *Қарлық - Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары*. Монография, «Фоллиант» баспасы, Астана, 2015.
3. У.Х. Шалекенов. *Қазақ өркениеті. Баласағұни*. Алматы, «Қазақ университеті», 2009.
4. *Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері*, I том (Саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар).